



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН АТЫНДАҒЫ №15 ОРТА МЕКТЕБІ

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Нормативті құжат

**«Орта, техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін
білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы
бақылауды, оларды аралық және
қорытынды аттестаттауды өткізудің
үлгілік қағидаларын бекіту туралы»**

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы**

ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ

9 сыныптардың қорытынды бітіру емтихандары

9 сынып

66 оқушы

Қорытынды бітіру емтихандары

29 мамыр-10 маусым

- оқыту тілі
(қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі)
- математика (алгебра)
- қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі
мен әдебиеті
- таңдау пәні

Қазақ тілі
бойынша жазбаша емтихан
29 мамыр

Емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділеріне негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 400-450 сөз).

Білім алушылар мәтін үзінділеріне сүйеніп, екі мәтіндегі өңделген ақпараттарды дәлелдер ретінде келтіріп, 170-200 сөзден тұратын жазба жұмысын (эссе) орындайды.

Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын өңдей отырып тиімді пайдалануы, стильдік және жанрлық ерекшелікті сақтап, аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады.

Емтихан жұмысын жазуға 2 астрономиялық сағат бөлінеді.

Алгебра бойынша жазбаша
емтихан
03 маусым

Математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады, тапсырмалардың жалпы саны – 15.

А бөлімі 10 тапсырмадан тұрады. Әрбір тапсырма 1 балмен бағаланады.

В бөлімі 5 тапсырмадан тұрады.

Оқушылар математикалық құралдарды қолдана алады: сызғыш және циркуль. Калькуляторды пайдалануға **рұқсат етілмейді**.

Емтихан жұмысын жазуға 3 астрономиялық сағат бөлінеді.

**Орыс тілі мен әдебиеті бойынша
жазбаша емтихан
06 маусым**

Жазбаша емтихан (оқылым дағдысын тексеру).
Емтихан жұмысының құрылымы мәтінмен жұмыс жасауды қарастырады (300-350 сөз):
Лексикалық талдауға 5 тапсырма (Мәтінде кездесетін 5 сөздің лексикалық мағынасына балама сөздер ұсынылады. Білім алушы ұсынылған сөздерге мағыналас сөздерді мәтіннен тауып жазуы қажет) Перифразға 10 тапсырма (перифраз тәсілі арқылы өзгертіп, қайта жазу жұмысы ұсынылады); Қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 тапсырма. Максималды балл: 20

Емтихан жұмысын жазуға 2 астрономиялық сағат бөлінеді.

**Таңдау пәндері бойынша
жазбаша емтихан
10 маусым**

Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика

Емтихан жұмысын жазуға 2 астрономиялық сағат бөлінеді.

9 (10) сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына ауыстыру шәкілі

Баға	Максимальды балл 30 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 40 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 50 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 60 болған пәндер үшін балдар
"2"	0-11	0-15	0-19	0-23
"3"	12-19	16-25	20-32	24-38
"4"	20-25	26-33	33-42	39-50
"5"	26-30	34-40	43-50	51-60

ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ

11 сыныптардың қорытынды бітіру емтихандары

11 сынып

37 оқушы

Мемлекеттік бітіру емтихандары

28 мамыр-11 маусым

- оқыту тілі
(қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі)
- алгебра және анализ бастамалары
- Қазақстан тарихы
- *қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті*
- таңдау пәні

11 (12) СЫНЫПТАРДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА

28

мамыр

Оқыту тілі бойынша
жазбаша емтихан
қазақ /орыс
ұйғыр/тәжік/өзбек

Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім екі мәтінмен жұмыс жасауды қамтиды (мәтіндердің жалпы көлемі – 600-650 сөз). Екінші бөлімде ЖМБ сыныптарда білім алушылар бір жазбаша жұмыс орындайды– эссе (200-250 сөз). ҚГБ сыныптарда білім алушылар 200-250 сөзден тұратын жазбаша жұмыс (мақала, эссе, көпшілік алдында сөйлеу, рецензия және басқалар) жазу ұсынылатын үш тапсырманың ішінен бір тапсырманы таңдайды. Жоғары балл-40.

3 астрономиялық сағат

31

мамыр

**Алгебра және анализ
бастамалары** бойынша
жазбаша емтихан

Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімінде ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын 15 тапсырма бар. Тапсырмалар 1 балмен бағаланады. В бөлімінде қысқа немесе егжей-тегжейлі жауаптарды қажет ететін 10-12 тапсырма бар. Тапсырмалар 2-8 балмен бағаланады. Жоғары балл-60
5 астрономиялық сағат

4

маусым

Қазақстан тарихы
бойынша ауызша
емтихан

Емтихан билеттер бойынша өткізіледі. Барлығы 30 билет, әр билетте білім алушылар ауызша жауап беретін үш сұрақ беріледі. Жоғары балл-30

7

маусым

**қазақ тілі мен
әдебиеті/орыс тілі мен
әдебиеті** бойынша
жазбаша емтихан

Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады. Тапсырмаларда төрт қысқа мәтін бар, олардың жалпы көлемі 400 сөзден аспайды. Жоғары балл-40
3 астрономиялық сағат

11

маусым

таңдау пәні бойынша
жазбаша емтихан (*физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика*)

Емтихан жұмысы 2-3 бөлімнен тұрады: ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар; Қысқа немесе егжей-тегжейлі жауаптарды қажет ететін 4-5 тапсырма; шағын зерттеу
3 астрономиялық сағат

11 сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына ауыстыру шәкілі

Баға	Максимальды балл 30 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 40 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 50 болған пәндер үшін балдар	Максимальды балл 60 болған пәндер үшін балдар
"2"	0-11	0-15	0-19	0-23
"3"	12-19	16-25	20-32	24-38
"4"	20-25	26-33	33-42	39-50
"5"	26-30	34-40	43-50	51-60